

**Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,,
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөнінде
конкурстық құжаттама**

Конкурсты ұйымдастырушы -Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй, БСН 990640000431, ЖСК KZ27 0701 03KS N391 8000, БСК ККМФКZ2A, «ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» ММ, Кбе 12, тел/факс (871433) 34204, e-mail - lskschool2@mail.ru, интернет ресурс - www.school2-lis.jimdo.com.

1. Жалпы ережелер

Орта білім беру ұйымында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың жалпы саны 695 білім алушыны құрайды, оның ішінде 58 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін жекелеген санаттағы білім алушы.

Білім алушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға бюджет қаражаттары есебінен бөлінетін сома 1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгені құрайды.

Бір білім алушыны тамақтандыру құны 171 (бір жүз жетпіс бір) теңгені құрайды.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй, білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі орта білім беру ұйымында білім алушыларға оқу уақытында 2016 жылғы наурыз-мамыр, 2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан кезеңдерінде тамақ беруді қарастырады.

Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін;

2) осы конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес техникалық тапсырманы;

3) осы конкурстық құжаттаманың 3, 4-қосымшаларына сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді толтыру үшін нысанды;

5) осы конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес қызмет көрсетушіні таңдау өлшемдерін;

6) осы конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес берешегі жоқекені туралы банк немесе банк филиалы анықтамасының нысанын;

7) осы конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес банк кепілдігінің нысанын қамтиды;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді мынадай:

1) конкурсты ұйымдастырушының мынадай банк шотына: «ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» ММ, ЖСК KZ380705034640536001, БСК ККМФКZ2A, орналастырылғын кепілдік ақшалай жарнаны, есепшот валютасы: KZT;

2) осы конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес банктік кепілдік нысанында енгізеді.

Әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі Ереженің 43-тармағына сәйкес 2016 жылғы 04 ақпан күні сағат 09-00-ге дейінгі мерзімнің ішінде конкурсты

ұйымдастырушының мынадай мекенжайдағы: Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй, пошталық мекенжайына құжаттар пакетін жібереді немесе комиссияның хатшысына (№215 кабинет) әдейі әкеліп тапсырады. Әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды беттері нөмірленген түзетулерсіз және таза тігілген түрде ұсынады. Өтінімнің соңғы беті бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрмен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушымен белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркеуге жатпайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

2. Әлеуетті өнім берушілерді конкурс туралы хабардар ету

Конкурстық құжаттаманың көшірмелері конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсына және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымына орналастырылады және ол әлеуетті өнім берушілердің талабы бойынша қағаз түрінде беріледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмелерін қол қойдырып береді және конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына деректерді енгізеді.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналында конкурстың атауы мен өткізу мерзімі, әлеуетті өнім берушінің немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, жеке куәлігінің нөмірі, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі, орналасқан жері мен байланыс телефондары, конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған уақыты мен күні көрсетіледі.

Тұлғаларды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді, соңғы беті конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде, әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманы ұсынудың соңғы күніне кемі күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін интернет-ресурста және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымына конкурс туралы хабарландыру орналастыру жолымен әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

Хабарландыруда конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, кабинет нөмірі, конкурстық құжаттаманы қабылдауға және тіркеуге жауапты тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты, өтінімдерді қабылдауды аяқтайтын күні мен уақыты, сондай-ақ конверттерді ашатын күні, уақыты және орны көрсетіледі.

3. Конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді ресімдеу

Конкурсқа қатысуға құқық қабілеттілігі бар, төлемқабілетті, банкроттық немесе жойылу тәртібіне жатпайтын және материалдық және еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім беруші ниеттенеді.

Әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекенжайына ішінде мынадай құжаттар бар:

1) конкурстық құжаттаманың 3, 4-қосымшаларына сәйкес әрекет ету мерзімін көрсетіп, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылған конкурсқа қатысуға өтінімі;

2) құқық қабілеттігін және әрекет қабілеттігін растайтын құжаттарды:
заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаның куәлігінің көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

заңнамалық тәртіпте белгіленген жарғының көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін:

жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;

жеке куәлігінің көшірмесі;

оның конкурсқа қатысуға өтінім беру, қол қою құқығына және комиссия отырыстарында мүдделерін білдіретін тұлғаға сенімхат;

3) «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысымен (бұдан әрі - № 1301 ҚР ҰҚ) бекітілген нысан бойынша берешегінің жоқ екені туралы анықтаманың түпнұсқасы;

Әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының банктің (банк филиалының) бірінші басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, банк мөрі бар әлеуетті өнім берушінің банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан көп созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтаманың қолдану мерзімі кемінде конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылатын күннің алдындағы бір ай;

4) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5446т тіркелген «Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша салық төлеушінің салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің жоқ екені туралы анықтама.

Конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірмей алынған үш айдан астам салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және жинақтаушы зейнетақы қорларына әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) «Салық төлеуші кабинеті», электрондық үкімет порталы, «Электрондық мемлекеттік сатып алулар» ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде немесе салық органы басшысының не орынбасарының қолы қойылып, мөрімен бекітіліп алынған салық төлеушінің салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің жоқ екені туралы анықтама. Анықтаманың электрондық нұсқасы нотариалды куәландырылмайды;

5) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың түрін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1238 қаулысымен бекітілген нысан бойынша қосымша құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі, бар болған жағдайда;

6) № 1301 ҚР ҰҚ бекітілген нысан бойынша конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

7) мектеп оқушыларын тиімді тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір қоса беріле отырып, техникалық тапсырма;

8) Үлгілік конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер бар құжаттар пакетін тігілген және беттері нөмірленген, басшының қолымен және мөрімен куәландырылған түрде оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін жібереді немесе әдейі апарып тапсырады.

Қатысуға өтінім мен тиісті құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген және түзетусіз және таза, беттері нөмірленген түрде ұсынады. Өтінімнің соңғы беті бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрімен бекітіледі.

**Қызметті алушылар санатының
тізбесі**

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөнінде
конкурс

№	Конкурсты ұйымдастырушының атауы	Білім беру ұйымында қызметтерді алушылардың жалпы саны	Олардан бюджет қаражаттары есебінен тегін тамақтанумен қамтамасыз етілетін білім алушылар	Қызметті көрсету мерзімдері	Қызметті көрсету орны	Бюджет қаражаттары есебінен тегін тамақтанумен қамтамасыз етілетін білім алушыларға бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия, коммуналдық мемлекеттік мекемесі	695	58	2016 жылғы наурыз-мамыр, 2016 жылғы қыркүйек желтоқсан	111200, ҚР, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй,	1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгені

Күні

Директор _____ Елисева Л.В.
М.О.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөнінде конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Осы техникалық тапсырмада Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сай болуы тиіс сапалық және сандық сипаттар суреттеледі.

Тамақ 695 білім алушыға, оның ішінде 1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгеге 58 білім алушыға жергілікті бюджет қаражаттары есебінен беріледі.

Бір білім алушының тамақтану құны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен белгіленген құннан – 171 (біржүзжетпіс бір) теңгеден аспауы тиіс.

Қызметтерді көрсету мерзімі 2016 жылғы наурыз-мамыр, 2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан.

Асхана жайы мектеп ғимаратының 1-інші қабатында жайғасқан.

Асхана жайының жалпы ауданы – 124,1 м².

Асхана жайында: ас бөлме 48,8 м², ас бөлме 32,1 м², мұздатқыш камера 4,9 м², қойма 9,5 м², дәліз 16,5 м², дәліз 3,4 м², дәліз 1,6 м², санторап 1,7 м², қойма 1,1 м², қосалқы бөлме 4,5 м², 200 орынға есептелінген түстенетін зал бар.

Ас әзірлейтін бөлме жабдықталған: нан пісіретін шкаф – 1 дана, электр сковородасы-1 дана, қамыр илейтін – 1 дана, электр қазаны – 1 дана, мармит – 1 дана.

Қызметтерді көрсететін орын: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудағы негізгі мақсаттар мен міндеттер оқушыларды жасына қарай тағамдық заттар мен энергияға физиологиялық мұқтаждықтарына сәйкес тиімді тамақтармен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй мекенжайындағы метептің асханасында жүзеге асырылады.

Қызмет беруші азық ас блогына және оның қызметкерлеріне басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тағамды дайындау технологиясын, тамақты салуды, өлшемдерді шығару нормаларын, білім алушыларға өнімдер мен тағамдарды жіберуді қадағалауды және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау мен іске асыру ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші азық ас блогында, өндіріс және қойма жайларында санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші сарапшылық журналына нәтижелерін жазып, дайындалған тамақтарды таратпастан алдын күнделікті дәмін татып көруі үшін медицина қызметкерінің жұмысына жағдай жасайды

Тамақтардың, азық өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық ерекшеліктері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, әзірлеу технологиялары мен жағдайлары балалар үшін тағам өнімінің қауіпсіздік бөлігінде Кедендік одақтың техникалық регламенттеріне сай болуы тиіс.

Директор Л.В. Елисевамен бекітілген білім алушылардың белгіленген тамақтану режиміне сәйкес бірінші ауысымның оқушыларына ыстық тамақ (9.25-10.10 1-2 сыныптарға 2 үзілісте, 10.30-11.15 5,8 сыныптарға 3 үзілісте, 11.35-12.20 9-11 сыныптарға

4 үзілісте), екінші ауысымға (14-25-15-10 аралығында 3-4 сыныптарға 1 үзілісте, 15.30-16.15 аралығында 6-7 сыныптарға 2 үзілісте) беріледі.

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай буфет өнімдерін сату үшін жағдайлар жасалады.

Дайын аспаздық және тағамдық өнімдерді сату 08.00-17.00 сағатта жүзеге асырылады.

Қызмет беруші ай сайын директор Л.В. Елисееваға білім алушылар үшін пайдаланылатын тағам өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәләндыратын құжаттармен қоса ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету басталғанға дейін санитарлық-эпидемиологиялық саулық саласында мемлекеттік органда шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін міндетті түрде бекітеді

Тамақтанудың нақты мөлшері қызметтерді көрсетуді бастағанға дейінгі бекітілген болашақ мәзірге сай болуы тиіс. Бір өнімді, тағамды және аспаздық өнімдерді басқаларына ауыстыру санитарлық-эпидемиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес ерекше жағдайларда жол беріледі.

Қызмет беруші әзірлеу технологиясын сақтау және дайын тағамдардың калориялығы сай болу үшін ас әзірлейтін бөліктерде тағам әзірлеудің бірыңғай картотекасының (технологиялық карталардың) бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдарды әзірлеу азық-түліктерді таратып салу, тағамдардың шығуы, тағамдарды әзірлеу технологиясы туралы мәліметтер, әрбір тағамның құрамы мен оның азықтық құндылығы (ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендердің мөлшері) және әрбір тағамның (аспаздық өнімдердің) энергетикалық құндылығының құрамы (калориялылығы) және әрбір қабылдаған тағамның жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетілетін тағамдардың картотекасын пайдаланумен жүргізіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдар мен аспаздық өнімдерді әзірлеудің технологиялық барысын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитарлық-эпидемиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар (тағамдық өнім мен азық-түлік шикізаттарының, дайын аспаздық өнімдердің сарапшылық журналдары, денсаулық журналы, мұздатқыш құралының температуралық режимін есепке алу журналы, әзірленіп жатқан тағамның технологиялық картасы, мәзірі, тағамдық өнімдерге кіріс құжаттары, түсіп жатқан тағамның сапасын растайтын құжаттар (жұққұжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринарлық-санитарлық сараптау құжаттары, пікірлер мен ұсыныстар кітабы және басқалар) үнемі болуы тиіс.

Өнім берушінің қолында ас әзірлейтін бөліктің әрбір қызметкерінің жұмысқа рұқсат етілген медициналық кітапшасы бар.

Өнім беруші қолдағы бар технологиялық, мұздатқыш және санитарлық-техникалық құралдардың мемлекеттік тексерісінің түзулігін және өз уақытында өткізілуін (өлшеу құралы үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ тамақ өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар автокөлікте жеткізуді ұйымдастырады.

Жетерлі мөлшерде өндірістік мүкәммалдармен, ыдыс-аяқтармен, жуатын және залалсыздандыратын заттармен (ҚР пайдалануға рұқсат берілген) және басқа материалдық-техникалық жабдықтау заттарымен қамтамасыз етуге;

Құрал-жабдық, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс, өндірістік заттар болып табылатындар қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі және белгіленген тәртіпте тамақ өнімдерімен байланыс үшін рұқсат берілген материалдардан орындалған болуы тиіс;

Санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес жуу және залалсыздандыру ережелерін сақтау мақсатында асхананы жеткілікті мөлшерде ыдыс-аяқтармен және бір отыратын орынға кемі үш жинақтан тұратын саймандармен қамтамасыз етуге;

Формасы өзгерген, шеттері сынған, жарылған, майысқан, эмалі кеткен, алюминийден жасалған, пластмасстан және қысылған шерден жасалған кесетін тақталарды, жарықтары және механикалық зақымдары бар кесетін тақталарды және майда ағаш бұйымдарды ас үй мен асхана ыдыс-аяқтарын пайдалануға жол бермеуге;

Қандай-да бір технологиялық құрал істен шығып қалған жағдайда мәзірге өзгеріс енгізу керек және дайын тағамдарды өндірген кезде санитарлық ережелердің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;

Аз әзірлейтін бөлмеге түсетін тамақ өнімдері тағамдық шикізатқа және тамақ өнімдеріне қойылатын гигиеналық талаптарына сәйкес болуы және олардың шығуын, сапасын және қауіпсіздігін қуәландыратын, шығарылған күні, өнімді сақтау мерзімі мен шарттары көрсетілген құжаттармен берілуі тиіс. Ілеспе құжатты өнімді іске асырып болғанша сақтау керек.

Қызмет көрсеткен кезде қолданылатын өнімдердің сапасы туралы сертификаттары (декларация) болуы тиіс;

Оқушылардың тамақтану кестесін сақтауға;

Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаттарын жеткізу Тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасы органдарымен берілген қорытындысы бар арнайы машинада жеткізуге. Жүргізушінің немесе экспедитордың жеке медициналық кітапшасы болуы тиіс;

Мектеп оқушыларын тамақтандыруға тыйым салынған тағамдарды, сондай-ақ газдалған және алкаголсіз энергетикалық сусындарды, майға қуырылған картопты, кептірілген нандар мен басқа зат гендері араласқан тағам өнімдерін, сондай-ақ сағыздарды сатуға рұқсат етпеуге;

Қызмет көрсету аяқталған соң мектептің асүй жайларына жыл сайын және қажеттігіне қарай жөндеу жүргізуге;

23. Конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, жайларға және технологиялық құрал-жабдықтарға (ол болған кезде) жалдау шарттары, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді тұтынуға шарттар жасауға.

Күні

Білім беретін ұйым басшысының қолы _____ М.О.

(Т.А.Ә.атын, лауазымын көрсету)

Конкурса қатысуға өтінім
(заңды тұлғалар үшін)

Кімге _____
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____
(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурса қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә.аты	

2. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен _____
(конкурстың толық атауы)

конкурса әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

_____ (қажетін көрсету керек)
қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және _____ көрсетілетін қызметтердің

_____ (қажетін көрсету керек)
өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

_____ (заңды тұлғаның толық атауы)
осы конкурса қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім ___ күн ішінде қолданылады.

6. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.

7. Конкурса қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

Конкурсқа қатысуға өтінім
(жеке тұлға үшін)

Кімге _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә.аты	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (№, кіммен берілген)	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің нақты тұрғылықты мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (СТН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, пошталық мекенжайы мен электрондық пошталық мекенжайы (болған жағдайда)	

2. _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ә.аты көрсетіледі)

осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім __ күн ішінде қолданылады.

6. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

**Қызметкерлердің біліктілігі туралы
мәліметтер**

(әлеуетті өнім беруші толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін _____
(әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)
әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.

Қызметкерлердің жалпы саны _____ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері қоса берілген _____ аспазшы(лар), _____ технолог(тар), _____ диетолог(тар) бар:

Қызметкердің Т.А.Ә.	Білімі және мамандығы (дипломының, оқу жылын аяқтағаны туралы куәлігінің №)	Орындалатын жұмыс	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Біліктілігін арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)
Барлығы					

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, _____
соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып
(әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)
алынатын көрсетілетін қызметтерге ұқсас көрсеткен қызметтердің көлемі.

Көрсетілген қызметтер- дің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы

4. _____
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

рұқсат беру туралы белгісі бар жұмысқа жіберілген автокөлікке және жүргізушіге растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілген, қызмет көрсетуі үшін мамандандырылған автокөлігі (бар болса) бар:

Көлік түрі	Көлік маркасы	Жеке меншік, жалға алынған (кімнен)	Жүргізушіге рұқсат беру туралы мәліметтер (рұқсат беру белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)	Рұқсат беру белгісі көрсетілген көліктің санитариялық-эпидемиоло- гиялық қорытындысы

5. Қаржы ресурстарына (ақша қаражаты: меншікті, кредиттік және т.б.) қол жеткізу туралы мәліметтер. Төменде атап өту.

6. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін қолдағы бар ресурстар туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.

Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

Қызмет берушілерді тандау критерийлері

№	Критерийлер	Балдар		
1	Конкурстың мәні болып табылатын қызмет көрсету нарығындағы тәжірибесі	Әр жылға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды		
2	Экологиялық менеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
3	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасының жүйесі сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
4	Аспазшының біліктілігі (10 балдан аспайды)	Арнайы орта білім 3-разряд (1 балл)	Арнайы орта білім 4-разряд (2 балл)	5-разряд және (немесе) жоғары білім (3 балл)
5	Технологтың, диетологтың болуы (4 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Мамандардың біреуі ғана бар (1 балл)	Бар (2 балл)
6	Технолог біліктілігі бар өндіріс меңгерушісінің бар-жоғы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
7	Шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесінің бар-жоғы	10-нан кем ас атауы (1 балл)	10-нан 30-ға дейін ас атауы (2 балл)	30-нан 50-ге дейін ас атауы (3 балл)
8	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар автокөлікпен тамақ өнімдерін жеткізу шарттары	Көлік жоқ (0 балл)	Жалдамалы көлік (3 балл)	Өз көлігінің бар болуы (5 балл)
9	100% қызмет тобының жұмысқа рұқсаты туралы құжаттарының бары (1 баллдан көп емес)	Қызметкерлердің біреуінікі жоқ (0 балл)	Барлық қызметкерлердің құжаттары бар (1 балл)	
10	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тағамдық өнімдердің көлемі	50% азық-түліктерге дейін (1 балл)	50% -дан бастап 100% -ға дейін азық-түліктер (2 балл)	
11	Өзінің өндіретін тағам	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	

	өнімдерінің, аспаздық өнімінің (жылыжай, наубайхана, бау-бақшалық шаруашылық, ферма және басқалар) бар болуы (1 баллдан көп емес)		
12	Тағамды даярлаудың технологиялық картасының бар болуы	Қолданылмайды (0 балл)	Қолданылады (1 балл)
13	Қызметкерлер тобына арнай киімдердің және зарарсыздандыратын заттардың бар-жоғы (2 балл)	Талап етілген көлемде (1 балл)	
14	Тамқ әзірлеген кезде өзінің энергия үнемдейтін құралын, берілетін қызметтің тиісті сапасын қамтамасыз ететін өндірістік мұқаммалды пайдалану (2 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Ішінара (1 балл) Толық көлемде бар (2 балл)
15	Аспазшылардың тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификаттарының бар болуы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
16	Өндірістік өзін-өзі бақылау жоспарының бар болуы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)

Ескертпе: 4, 5-тармақтарда баллдар әр маман үшін қойылады, 10 және 13 тармақтар бойынша баллдар қою үшін азық-түліктер, арнайы киімдер мен залалсыздандыратын заттарды сатып алуға өткен жылы жасалған шарттар туралы мәліметтер пайдаланылады.

**Берешектің жоқтығы туралы
анықтама**

_____банкі
(атауы)
_____ (күнін көрсету) жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және
ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі
жоспарына сәйкес аталған Банк қызмет көрсететін (заңды (жеке) тұлғаның толық атауы,
тел., мекенжайы, көрсетілсін) банк алдында анықтама берілген айдың алдындағы үш
айдан көп созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екенін растайды.

Күні

Қолы
М.О.

Банктік кепілдік

Банктің атауы _____
(атауы мен деректемелері)

Кімге: _____
(конкурсты ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме
_____ ж. «__» _____
(орналасқан жері)

Біз бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын _____,
(әлеуетті өнім берушінің атауы)
_____ ұйымдастырған
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

_____ сатып алу
конкурсына қатысатындығынан және _____

_____ конкурс (лот/тар) бойынша тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы өнім беруге жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге) әзір екендігінен хабардармыз.

_____ ж. «__» _____ жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің банктік кепілдік түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____ осы арқылы өзімізге
(банктің атауы)

Сіздің талап етуіңіз бойынша Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ өнім беруші:

конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алғанын не болмаса өзгерткеніні және (немесе) толықтырғанын;

конкурс жеңімпазы деп танылған өнім берушінің өзінің конкурстық баға ұсынысын кері қайтарып алғанын немесе белгіленген мерзімде ұсынбағанын;

конкурс жеңімпазы деп анықталған өнім берушінің қызмет көрсету туралы шарт жасасудан жалтарғанын;

сатып алу туралы шартты жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамағанын не уақыттылы орындамағанын жазбаша растауды алысымен _____ тең

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

соманы Сізге төлеуге қайтарылмайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімі қолданылатын соңғы мерзімге дейін қолданылады және, егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатындығына немесе қайтарылмайтындығына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды.

Егер конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда бұл кепілдік міндеттеме де сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы мен мөрі

Күні мен мекенжайы